

11.03.2019 ж.

### Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!

Қазақ халқының аса қадірлейтін 22-наурыз бүкіл Шығыс халықтарының ежелгі бас мерекесі. Наурыз-жаңа жыл тойы, көктем мерекесі, күн мен түннің теңелу сәті, халықтардың ынтымақ күні. Орта Азия мен Қазақстан тұрғындары бұл күнді «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп те дәріштеп, салтанатты түрде тойлайды. Міне, осындай халықты рухани жағынан байытатын Наурыз мерекесіне арналған **«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!»** деген тақырыпта оқу залы бөлімінде кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: кітапхана оқырмандарына шығыс халықтарының мерекесі Өз-Наурыздың тарихымен, сән-салтанат, салт-дәстүрімен таныстыру, жастарымыздың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл кітап көрмесі 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім **«Тәрлет, Наурыз, төріме-Құт береке-еліме!»**-деп аталады. Пайдаланушылардың халықтың мейрамының барысы, маңызы туралы, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрінің мағұлмат беретін кітаптарымыз бен баспа беттеріне жарияланған мақалалар қойылды. Ал, **«Наурызым-тойлы нұрлы күн, елімнің сақта бірлігін!»** деген екінші бөлімде қазақтың қолөнерінен көрніс беретін ұлттық бұйымдарымыз қойылған. Жалпы көрмеге 35 кітап, 7 мерзімді басылым қойылды. Мәдени шара айдың аяғына дейін созылмақ.

